Қазақстан Республикасы Ғылым
және жоғары білім министрінің
2023 жылғы "20" қарашадағы №
591 бұйрығымен бекітілді

Кәсіптік стандарт: «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамына)»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3 бабының 31) тармақшасына және "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) педагогтері үшін (профессор-оқытушылар құрамы) біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды. Стандарт: 1) ЖЖОКБҰ педагогтерінің (профессор-оқытушылар құрамының – бұдан әрі - оқытушы) кәсіби құзыреттілігін бірыңғай түсінуді қамтамасыз ету және қоғамның мүдделі тараптарын хабардар ету; 2) оқытушыларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруда білім беру бағдарламаларының оқу нәтижелерін, мақсаттары мен мазмұнын айқындау; 3) педагогикалық қызметті жобалау мен жүзеге асыруда оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін сипаттау; 4) оқытушыларды кәсіби қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту; 5) оқытушылардың біліктілік талаптары мен еңбек функцияларының деңгейлерін белгілеу және бағалау үшін қолданылады. Стандарт: 1) ЖЖОКБҰ оқытушы қызметінің мазмұнын, білім деңгейіне, кәсіби тәжірибесі мен дайындығына қойылатын талаптарды сипаттайды; 2) ғылыми-педагогикалық магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламаларын қалыптастыру кезінде, оның ішінде оқытушыларды оқыту кезінде, сондай-ақ ЖЖОКБҰ ұйымдарының оқытушылары мен түлектерінің біліктілігін сертификаттау мен растау кезінде оқыту нәтижелерінің тізбесін айқындайды; 3) оқытушылардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жоспарлауға негіз болады; 4) оқытушылардың біліктілік деңгейлерінің, еңбек функциялары мен кәсіби даму дәрежесінің дифференциалды бағалау құралы болып табылады; 5) оқытушыларға инновациялық процестерге сәйкес академиялық, ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызметте кәсіби және көшбасшылық қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) ғылыми-әдістемелік жұмыс – ғылым мен озық педагогикалық тәжірибенің жетістіктеріне негізделген және үздіксіз білім беру жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын жетілдіруге бағытталған қызмет түрі

2) оқыту – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін игеру, қабілеттерін дамыту, күнделікті өмірде білімді қолдану тәжірибесін игеру және өмір бойы білім алу мотивациясын қалыптастыру жөніндегі қызметін ұйымдастырудың мақсатты процесі

3) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері
2) ҰБЖ – Ұлттық біліктілік жүйесі
3) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері
4) ЖЖОКБҰ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
5) ЭҚЖЖ – экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші
6) ЖА – жіктеу анықтамалығы

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамына)

5. Кәсіптік стандарттың коды: P85421002

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

P Білім беру
85 Білім беру
85.4 Жоғары білім беру (5-ші, 6-ші, 7-ші, 8-ші деңгейлер)
85.42 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
85.42.1 Жоғары білім беру
P Білім беру
85 Білім беру
85.4 Жоғары білім беру (5-ші, 6-ші, 7-ші, 8-ші деңгейлер)
85.42 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
85.42.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Стандартты әзірлеу мақсаты: ЖЖОКБҰ оқытушыларына қажетті білім, біліктілік және дағдыларды, сондай-ақ құзыреттерді сипаттау, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын, біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарын қалыптастыру үшін

бағдарларды құру. Стандарт ұлттық біліктілік жүйесінің төрт негізгі элементінің бірі болып табылады. Білім беру саласындағы Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) және Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) деңгейлерін ескереді. Стандарт негіздемелік құжат болып табылады, ЖЖОКБҰ академиялық және басқарушылық еркіндік дербестігі қағидатын ескереді, кадрларды даярлаудың барлық бағыттары бойынша ғылыми-педагогикалық магистратура және докторантура білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сәйкестік деңгейлері бойынша оқытушыларды сертификаттау кезінде бағалау материалын әзірлеу және олардың біліктілік өлшемдерін әзірлеу үшін негіз болады. Стандарт оқытушылардың біліктілігін арттыруды және олардың мансаптық өсуін жоспарлауға қызмет етеді. Әрбір келесі деңгей барлық алдыңғы деңгейлердің көрсеткіштерінің жиынтығын арттырады. Дескрипторлардың жинақтаушы және дәйекті сипаты оқу нәтижелерінің деңгейден деңгейге сабақтастығын қамтамасыз етеді. Стандарт формальды және формальды емес және информальды оқыту нәтижелерін тануға негіз береді, академиялық және кәсіби орта ретінде біліктілікті бағалауға және тануға қол жеткізуге жағдай жасайды. Стандарт Паспорттан және кәсіптер карточкаларынан тұрады, онда оқытушылардың біліктілігі білім беру саласындағы СБШ-ның 2-деңгейіне және ҰБШ-ның (7-8 деңгейлер) үш жалпыланған көрсеткішіне: "білім", "біліктер мен дағдылар", "жеке құзыреттер" сәйкес сипатталады. Бұл ретте осы Стандарттың жетінші деңгейі екі кіші деңгеймен (7.1 және 7.2), сегізінші деңгей төрт кіші деңгеймен (8.1, 8.2, 8.3 және 8.4) ұсынылған. Деңгей дескрипторлары оқытушылардың дербестік, жауапкершілік және атқаратын еңбек функцияларының күрделілік дәрежесін ескереді. Кәсіби құндылықтар: 1) кәсібилік; 2) инновациялық; 3) креативтілік; 4) меритократиялық; 5) парасаттылық.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Білім саласындағы оқытушы, ассистент, ЖЖОКБҰ - 7 СБШ-нің деңгейі

2) Білім саласындағы оқытушы, Аға оқытушы/ сеньор-лектор, ЖЖОКБҰ - 7 СБШ-нің деңгейі

3) Білім саласындағы оқытушы, профессордың ассистенті, ЖЖОКБҰ - 8 СБШ-нің деңгейі

4) Білім саласындағы оқытушы, қауымдастырылған профессор (доцент), ЖЖОКБҰ - 8 СБШ-нің деңгейі

5) Білім саласындағы оқытушы, қауымдастырылған профессор (доцент), профессор, ЖЖОКБҰ - 8 СБШ-нің деңгейі

6) Білім саласындағы оқытушы, профессор, ЖЖОКБҰ - 8 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

<table>
<tr><td colspan="4">9. Кәсіптің карточкасы «Білім саласындағы оқытушы, ассистент, ЖЖОКБҰ»:</td></tr>
<tr><td>Топтың коды:</td><td colspan="3">2311-0</td></tr>
<tr><td>Қызмет атауының коды:</td><td colspan="3">2311-0</td></tr>
<tr><td>Кәсіптің атауы:</td><td colspan="3">Білім саласындағы оқытушы, ассистент, ЖЖОКБҰ</td></tr>
<tr><td>СБШ бойынша біліктілік деңгейі:</td><td colspan="3">7</td></tr>
<tr><td>СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:</td><td colspan="3">7.1</td></tr>
<tr><td>БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:</td><td colspan="3">-
Білім саласындағы оқытушы, ассистент, ЖЖОКБҰ</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Кәсіптік білім деңгейі:</td><td>Білім деңгейі:
жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)</td><td>Мамандық:
-</td><td>Біліктілік:
-</td></tr>
<tr><td>Білім деңгейі:
жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)</td><td>Мамандық:
-</td><td>Біліктілік:
-</td></tr>
<tr><td>Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Формалды емес және информалы біліммен байланыс:</td><td colspan="3">біліктілікті арттыру курстары, практикалық тәжірибе</td></tr>
<tr><td>Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:</td><td colspan="3">2379-9 - Б.т.к. білім беру саласындағы басқа да кәсіби мамандар</td></tr>
<tr><td>Қызметтің негізгі мақсаты:</td><td colspan="3">ЖЖОКБҰ-да академиялық, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және қоғамдық қызметті жүзеге асырады.</td></tr>
<tr><td colspan="4">Еңбек функциялардың сипаттамасы</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Еңбек функцияларының тізбесі:</td><td>Міндетті еңбек функциялары:</td><td colspan="2">1. Оқыту
2. Ғылыми зерттеулер жүргізу
3. Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру
4. Білім алушы жастарды әлеуметтендіру</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2"></td></tr>
</table>

	Қосымша еңбек функциялары:	1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл
Еңбек функциясы 1: Оқыту	Дағды 1: Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарын (дәрістерден басқа) ұйымдастыру және өткізу; 2. білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша семинар оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу; 3. цифрлық технологияларды пайдалана отырып, бакалавриат білім алушыларымен кері байланыс орнату.
		Білімдер:
		1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары; 2. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. оқу сабақтарын өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша) ескеру; 2. мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау (жоғары білім беру даярлау бағыты бойынша).
		Білімдер:
		1. практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары; 2. кәсіп саласындағы қазіргі тенденциялар (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Ғылыми зерттеулер жүргізу	Дағды 1: Ғылым, жоғары білім және еңбек нарығының интеграциясын қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар /шығармашылық жобалар мен жұмыстарды орындауға қатысу; 2. ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыру 3. ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс істеу.
		Білімдер:
		1. ғылыми зерттеулер әдіснамасы; 2. ғылыми зерттеулер жүргізу кезіндегі этикалық нормалар; 3. ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілер.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: Білім алушыларда зерттеу дағдыларының талап етілетін деңгейін дамыту	Машықтар:
		1. бакалавриат білім алушыларының зерттеу дағдыларын диагностикалауды жүргізу, 2. бакалавриат білім алушыларының ғылыми-зерттеу/ғылыми-шығармашылық қызметі мен жарияланымдық белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолдану.
		Білімдер:
		1. білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің ерекшелігі; 2. ғылыми зерттеулерде/ шығармашылық жобаларда бакалавриат білім алушыларының ынтасы мен белсенділігін арттыру стратегиялары.

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 3: Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру	Дағды 1: ЖЖОКБҰ макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. оқу-әдістемелік жұмысты жүргізу және әдістемелік құзыреттілікті дамыту; 2. кәсіби біліктілікті арттыру; 3. бакалавриаттың семинар/ практикалық сабақтарын өткізу кезінде пәндік саладағы білім мен психологиялық-педагогикалық білім интеграциясын қамтамасыз ету; 4. оқытудың заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) технологияларын қолдану.
		Білімдер:
		1. жоғары білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі); 2. психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімді интеграциялау тетіктері мен қағидаттары; 3. заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологиялары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 4: Білім алушы жастарды әлеуметтендіру	Дағды 1: Студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерлету	Машықтар:
		1. ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту; 2. білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ету; 3. академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаларын сақтау қағидаттарын сақтау.
		Білімдер:
		1. педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясы; 2. педагогикалық аксиология; 3. жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: Білім алушыларды таңдалған кәсіптің құндылықтарымен таныстыру	Машықтар:
		1. білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру 2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтау.
		Білімдер:
		1. педагогикалық деонтология, басқа мамандықтардың деонтологиялық тұжырымдамалары (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша); 2. мамандықтың құндылық белгілерінің ерекшелігі (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Қосымша еңбек функциясы 1: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл	Дағды 1: Ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл	Машықтар:
		1. ЖЖОКБҰ білім алушыларымен, әріптестерімен және қызметкерлерімен оңтайлы коммуникациялар құру; 2. ЖЖОКБҰ әріптестерімен және қызметтерімен командада жұмыс істеу.
		Білімдер:
		1. білім алушылармен педагогикалық өзара іс-қимыл қағидаттары, 2. академиялық және кәсіби ортадағы коммуникация стратегиялары мен тетіктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды

	Дағды 2: Сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл	Машықтар:	
		1. білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тарту; 2. болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарту; 3. дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлеу және енгізу; 4. түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау.	
		Білімдер:	
		1. шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл жасақтар, скауттар) және ұйымдардың саясаты мен стратегиялары; 2. халықаралық және қазақстандық еңбек нарығындағы инновациялық процестер.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Мейірімділік қарым-қатынас эмпатия стресске төзімділік эмоционалды тепе-теңдік кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндігі		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары бекітілген		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Білім саласында менеджерлер	
10. Кәсіптің карточкасы «Білім саласындағы оқытушы, Аға оқытушы/ сеньор-лектор, ЖЖОКБҰ»:			
Топтың коды:	2311-0		
Қызмет атауының коды:	2311-0		
Кәсіптің атауы:	Білім саласындағы оқытушы, Аға оқытушы/ сеньор-лектор, ЖЖОКБҰ		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	7.2		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	- Білім саласындағы оқытушы, Аға оқытушы/ сеньор-лектор, ЖЖОКБҰ		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	біліктілікті арттыру курстары, практикалық тәжірибе		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2379-9 - Б.т.к. білім беру саласындағы басқа да кәсіби мамандар		
Қызметтің негізгі мақсаты:	ЖЖОКБҰ-да академиялық, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және қоғамдық қызметті жүзеге асырады		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Оқыту 2. Ғылыми зерттеулер жүргізу 3. Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру 4. Білім алушы жастарды әлеуметтендіру
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл
Еңбек функциясы 1: Оқыту	Дағды 1: Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, дәріс, семинар және практикалық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу; 2. білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу; 3. цифрлық технологияларды пайдалана отырып, бакалавриат білім алушыларымен кері байланыс орнату.
		Білімдер:
		1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары; 2. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. оқу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша) ескеру; 2. мамандықтағы инновацияны оқу процесіне экстраполяциялау (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).
		Білімдер:
		1. практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары; 2. мамандықтар саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Ғылыми зерттеулер жүргізу	Дағды 1: Ғылым, жоғары білім және еңбек нарығының интеграциясын қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауға қатысу; 2. ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыру 3. ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс істеу.
		Білімдер:
		1. ғылыми зерттеулер әдіснамасы; 2. ғылыми зерттеулер жүргізу кезіндегі этикалық нормалар; 3. ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілер.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: Білім алушыларда зерттеу дағдыларының талап етілетін деңгейін дамыту	Машықтар:
		1. бакалавриат білім алушыларының зерттеу дағдыларын диагностикалауды жүргізу; 2. бакалавриат білім алушыларының зерттеу қызметі мен жариялау белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолдану.

		Білімдер:
		1. бакалавриат білім алушыларының ғылыми зерттеу дағдыларын диагностикалау; 2. ғылыми зерттеулерде бакалавриат білім алушыларының ынтасы мен белсенділігін арттыру стратегиялары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 3: Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру	Дағды 1: ЖЖОКБҰ макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. оқу-әдістемелік жұмысты жүргізу және әдістемелік құзыреттілікті дамыту; 2. кәсіби біліктілігін арттыру; 3. бакалавриаттың семинар/практикалық сабақтарын өткізу кезінде пәндік саладағы білім мен психологиялық-педагогикалық білім интеграциясын қамтамасыз ету; 4. оқытудың заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) технологияларын қолдану.
		Білімдер:
		1. ғылым және жоғары білім саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі); 2. психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімді интеграциялау тетіктері мен қағидаттары; 3. заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологиялары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 4: Білім алушы жастарды әлеуметтендіру	Дағды 1: Студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерлету	Машықтар:
		1. ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту; 2. білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ету; 3. академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтау.
		Білімдер:
		1. педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясы; 2. педагогикалық аксиология; 3. жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: Білім алушыларды таңдалған кәсіптің құндылықтарымен таныстыру	Машықтар:
		1. білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру; 2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтау.
		Білімдер:
		1. педагогикалық деонтология, басқа мамандықтардың деонтологиялық тұжырымдамалары (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша); 2. мамандықтың құндылық белгілерінің ерекшелігі (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Қосымша еңбек функциясы 1: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл	Дағды 1: Ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл	Машықтар:
		1. ЖЖОКБҰ білім алушыларымен, әріптестерімен және қызметкерлерімен оңтайлы коммуникациялар құру; 2. ЖЖОКБҰ қызметкерлерімен және әріптестерімен командада жұмыс істеу.

		Білімдер:	
		1. білім алушылармен педагогикалық өзара іс-қимыл қағидаттары; 2. академиялық және кәсіби ортадағы коммуникация стратегиялары мен тетіктері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды	
	Дағды 2: Сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл	Машықтар:	
		1. білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тарту; 2. болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарту; 3. дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлеу және енгізу; 4. түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау.	
		Білімдер:	
		1. шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл жасақтар, скауттар) және ұйымдардың саясаты мен стратегиялары; 2. халықаралық және қазақстандық еңбек нарығындағы инновациялық процестер.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Мейірімділік қарым-қатынас эмпатия стресске төзімділік эмоционалды тепе-теңдік кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндігі		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары бекітілген		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Білім берудегі менеджерлер	
11. Кәсіптің карточкасы «Білім саласындағы оқытушы, профессордың ассистенті, ЖЖОКБҰ»:			
Топтың коды:	2311-0		
Қызмет атауының коды:	2311-0		
Кәсіптің атауы:	Білім саласындағы оқытушы, профессордың ассистенті, ЖЖОКБҰ		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	8		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	8.1		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	- Білім саласындағы оқытушы, профессордың ассистенті, ЖЖОКБҰ		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (PhD докторантура, PhD дәрежесі, осы саладағы PhD дәрежесі, ғылым кандидаты, ғылым докторы)	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: -	Біліктілік: -

	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	біліктілікті көтеру курстары, практикалық тәжірибе		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2379-9 - Б.т.к. білім беру саласындағы басқа да кәсіби мамандар		
Қызметтің негізгі мақсаты:	ЖЖОКБҰ-да академиялық, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және қоғамдық қызметті жүзеге асырады		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Оқыту 2. Ғылыми зерттеулер жүргізу 3. Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру 4. Білім алушы жастарды әлеуметтендіру	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл	
Еңбек функциясы 1: Оқыту	Дағды 1: Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету	Машықтар:	
		1. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып магистратура мен докторантурада оқу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу; 2. білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу; 3. цифрлық технологияларды пайдалана отырып магистратура және докторантура білім алушыларымен кері байланыс орнату.	
		Білімдер:	
		1. ЖЖОКБҰ–да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары; 2. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны; 3. білім берудегі инновациялар.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды	
	Дағды 2: Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету	Машықтар:	
		1. оқу сабақтарын жоспарлауда, ұйымдастыруда және өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің даярлау бағыты бойынша) ескеру; 2. мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша).	
		Білімдер:	
		1. практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары; 2. мамандық саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша).	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды	
Еңбек функциясы 2: Ғылыми зерттеулер жүргізу			

	Дағды 1: Ғылым, жоғары білім және еңбек нарығының интеграциясын қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар/шығармашылық жобаларды орындауда қатысу; 2. ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыру; 3. ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмым істеу.
		Білімдер:
		қазіргі ғылымның философиясы мен әдіснамасы
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: Білім алушыларда зерттеу дағдыларының қажетті деңгейін дамыту	Машықтар:
		1. бакалавриат және магистратура білім алушыларының зерттеу дағдыларына диагностика жүргізу; 2. бакалавриат және магистратура білім алушыларының зерттеушілік, оның ішінде публикациялық белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолдану; 3. ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға бакалавриат және магистратураның білім алушыларын тарту.
		Білімдер:
		1. бакалавриат және магистратура білім алушыларының ғылыми зерттеулерінің ерекшелігі; 2. ғылыми зерттеулерде бакалавриат және магистратура білім алушыларының ынтасы мен белсенділігін арттыру стратегиялары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 3: Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру	Дағды 1: ЖЖОКБҰ макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. бакалавриат пен магистратурада сабақтардың барлық түрлерін, сондай-ақ докторантурада дәрістерден басқа оқу сабақтарын өткізу кезінде пәндік салада психологиялық-педагогикалық білім мен білімді интеграциялауды қамтамасыз ету; 2. оқу процесінде ғылыми-әдістемелік өнімді әзірлеу және қолдану; 3. жас оқытушыларға тәлімгерлікті жүзеге асыру.
		Білімдер:
		1. жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі); 2. еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын дамыту және жетілдіру тетіктері; 3. заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологиялары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 4: Білім алушы жастарды әлеуметтендіру	Дағды 1: Студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерлету	Машықтар:
		1. ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту; 2. білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ету; 3. академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтау.

		Білімдер:
		1. педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясы; 2. педагогикалық аксиология; 3. жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: Білім алушыларды таңдалған кәсіптің құндылықтарымен таныстыру	Машықтар:
		1. білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру; 2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтау.
		Білімдер:
		1. педагогикалық деонтология, басқа мамандықтардың деонтологиялық тұжырымдамалары (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша); 2. кәсіптің құндылық белгілерінің ерекшеліктері (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша).
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Қосымша еңбек функциясы 1: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл	Дағды 1: Ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл	Машықтар:
		1. ЖЖОКБҰ білім алушыларымен, әріптестерімен және қызметкерлерімен оңтайлы коммуникациялар құру; 2. ЖЖОКБҰ қызметкерлерімен және әріптестерімен командада жұмыс істеу.
		Білімдер:
		1. білім алушылармен педагогикалық өзара іс-қимыл қағидаттары; 2. академиялық және кәсіби ортадағы коммуникация стратегиялары мен тетіктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: Сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл	Машықтар:
		1. білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тарту; 2. болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарту; 3. дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлеу және енгізу; 4. жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасына кепілдік беру жөніндегі құрылымдарда жұмыс істеу; 5. түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау.
		Білімдер:
		1. шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл жасақтар, скауттар) және ұйымдардың саясаты мен стратегиялары; 2. халықаралық және қазақстандық еңбек нарығындағы инновациялық процестер.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Мейірімділік қарым-қатынас эмпатия стресске төзімділік эмоционалды тепе-теңдік кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндігі		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары бекітілген		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	8	Білім берудегі менеджерлер	
